Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті Түркология және тіл теориясы кафедрасының докторанты Қожахметова Ақтоты Қожахметқызының «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «**Көркем мәтіннің коммуникативтік үдерісіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі**» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ұсынылып отырған диссертациялық еңбек қазақ поэзиясы мәтіндерінің өзін-өзі ұйымдастыру табиғатын қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыт – лингвосинергетиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін сәйкес кешенді түрде талдауға арналған.

Жұмыстың құрылымы мен мазмұны көрсеткендей, зерттеу поэтикалық тілдің динамикалық жүйе ретіндегі табиғатын ғылыми тұрғыда ашып, оның ішкі энергиясын, әртүрлі мағыналық реңктері мен даму бағыттарын синергетикалық параметрлер арқылы сипаттауға бағытталған. Осымен байланысты тіл өзін-өзі ұйымдастыратын тірі жүйе, ал поэтикалық мәтін сол динамиканың ең қарқынды көрінетін саласы ретінде қарастырылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық интеграция үдерістерінің күшеюі мен тілдік құбылыстарды бейсызықтық, динамикалық жүйе ретінде тану нәтижесінде сөз синергиясының антропоөзектік әлеуетін тануға байланыстылығымен сипаттайды.

Соған орай, диссертант Ақтоты Қожахметованың зерттеуінде көркем мәтіннің коммуникативтік үдерісінің мәнін ашу лингвосинергетиканың ы *аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал* сияқты негізгі ұғымдар негізінде дәйектеліп, лингвосинергетикалық маркерлерін, олардың поэзиядағы көрінісі анықтауға бағытталған. Соның нәтижесінде зерттеу поэтикалық мәтінді статикалық құрылым ретінде емес, мағыналар үнемі қозғалып, өзгеріп, бір-бірімен қақтығысып немесе үйлесіп отыратын динамикалық орта ретінде сипаттауға мүмкіндік берген деп санаймыз.

Диссертациялық жұмыста поэзиядағы тілдік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру тетіктері нақты көркем мәтіндерге дискурстық талдау арқылы дәлелденіп, поэтикалық мәтіннің синергетикалық моделдері көрсетілген. Поэтикалық дискурста мағынаны өзіне тартып тұратын тұрақтандырушы өзек ретінде аттракторлар поэзиядағы негізгі идеялық-эмоциялық ұйытқы ретінде ашылса, мағынаның тербелісін білдіретін флуктуациялар лирикалық кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой толқынын айқындайтын нақты талдау көрсетеді. Ал, даму үдерісіндегі бифуркациялар мәтіндегі жаңа бағытқа, жаңа мағыналық тармаққа өтудің поэтикалық нүктелері ретінде танылады.

Жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді: 1-ші тарауда лингвосинергетиканың қазіргі тіл біліміндегі орны айқындалып, синергетиканың жаңа ғылыми парадигма ретіндегі теориялық-әдіснамалық негіздері көрсетілген. Сонымен байланысты

лингвосинергетиканың негізгі категориялық аппараты жүйеленіп, сөз синергиясының поэтикалық мәтін аясындағы антропоөзектік әлеуеті ғылыми тұрғыда негізделеді.

2-ші тарауда өлеңсөзді лингвосинергетикалық тұрғыдан анықтау мәселелері талданып, поэтикалық мәтіндегі тілдік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру тетіктері айқындалады.

3-ші тарауда поэтикалық мәтіннің синергетикалық моделі аттракторлар, флуктуациялар және бифуркациялар жүйесі негізінде қарастырылады.

Әрбір тарау қорытындылармен аяқталып, жалпы ғылыми тұжырымға ұласып отырады.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымдық жүйелілігі және поэтикалық материалды талдаудағы ғылыми-әдістемелік жағынан зерттелуі талапқа сай жоғары деңгейде орындалған.

Лингвосинергетика бағытында қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге өзіндік үлес қосып, поэзияны динамикалық жүйе ретінде жаңаша тануға мүмкіндік береді. Соған орай тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңалығы қол жеткізілген нәтижелері қазақ тіл білімі үшін құнды.

Қорытындылай келе, диссертация ғылыми тұрғыдан негізделіп, мазмұны жүйелі, әдіснамалық негізі берік және тұжырымдары дәйекті еңбек болып табылады. Сондықтан мен бұл жұмысты жоғары ғылыми деңгейде орындалған диссертациялық зерттеу деп бағалаймын және оның авторына тиісті ғылыми дәрежені беруді толық қолдаймын.

18/12/2025

Құрметпен,

Түркия Республикасы, Анкара қаласы
Хаджетеппе университетінің профессоры **Mehmet Kurudayıoğlu**

Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi Filoloji Fakültesi Türkoloji ve Dil Teorisi Anabilim Dalı doktora öğrencisi Kozhakhmetova Aktoty Kozhakhmetkyzy "8D02303 – Dilbilim" programı kapsamında Felsefe Doktoru (PhD) bilimsel derecesini almak için hazırladığı **"Edebi Metnin İletişim Sürecindeki Lingvosinerjetik Belirteçler Sistemi"** başlıklı doktora tezine ilişkin yabancı bilimsel danışmanın

YORUMU

Sunulan bu doktora çalışması, çağdaş dilbilimde yeni bir yönelim olan lingvosinerjetik yaklaşımın kuramsal ve yöntemsel temelleri doğrultusunda, Kazak şiiri metinlerinin öz-örgütlenme doğasını bütüncül bir biçimde çözümlemeye yöneliktir.

Çalışmanın yapısı ve içeriği incelendiğinde, araştırmanın şiirsel dilin dinamik bir sistem olarak doğasını bilimsel açıdan ortaya koymayı; onun iç enerjisini, çeşitli anlamsal tonlarını ve gelişim yönelimlerini sinerjetik parametreler aracılığıyla betimlemeyi amaçladığı görülmektedir. Bu bağlamda dil, kendi kendini örgütleyen canlı bir sistem olarak ele alınmakta; şiirsel metin ise bu dinamiğin en yoğun biçimde gözlemlendiği alan olarak değerlendirilmektedir.

Doktora çalışmasının güncelliği, çağdaş beşerî bilimlerde disiplinlerarası bütünleşme süreçlerinin güçlenmesi ve dilsel olguların doğrusal olmayan, dinamik sistemler olarak kavranması sonucunda, sözcük sinerjisinin antropomerkezci potansiyelinin ortaya konulmasıyla ilişkilendirilmektedir.

Bu doğrultuda, doktora adayı Aktoty Kozhakhmetova'nın araştırmasında, edebî metnin iletişim sürecinin özünü ortaya koyma amacı; lingvosinerjetiğin temel kavramları olan çekici (attraktör), fluktuasyon, bifurkasyon, dissipasiyon ve fraktal gibi olgulara dayandırılarak gerekçelendirilmiş, lingvosinerjetik belirteçlerin ve bunların şiirdeki görünümlerinin belirlenmesine yönelinmiştir. Bu bağlamda, araştırmanın şiirsel metni statik bir yapı olarak değil; anlamların sürekli hareket hâlinde olduğu, değiştiği, birbiriyle çatıştığı ya da uyum sağladığı dinamik bir ortam olarak betimlemeye imkân verdiği kanaatindeyiz.

Doktora çalışmasında, şiirdeki dilsel sistemin kendi kendini örgütleme mekanizmaları, somut edebî metinler üzerinde yapılan söylem çözümlemesi yoluyla kanıtlanmış ve şiirsel metnin sinerjetik modelleri ortaya konulmuştur. Şiirsel söylemde anlamı kendine çeken dengeleyici bir çekirdek olarak ele alınan attraktörler, şiirdeki temel ideolojik-duygusal odak olarak açımlanırken; anlamın salınımını ifade eden fluktuasyonlar, lirik öznenin içsel gerilimini ve düşünsel dalgalanmasını somut çözümlemelerle ortaya koymaktadır. Gelişim sürecindeki bifurkasyonlar ise metinde yeni bir yöne, yeni bir anlamsal kola geçişin şiirsel düğüm noktaları olarak tanımlanmaktadır.

Çalışmanın yapısı ve içeriği bilimsel gerekliliklere tamamen uygundur: birinci bölümde, lingvosinerjetiğin çağdaş dilbilimdeki yeri netleştirilmiş, sinerjetiğin yeni bir bilimsel paradigma olarak kuramsal ve yöntemsel temelleri ortaya konmuştur. Bu bağlamda lingvosinerjetiğin temel kategorik aygıtı sistemleştirilmiş; sözcük sinerjisinin şiirsel metin bağlamındaki antropomerkezci potansiyeli bilimsel açıdan temellendirilmiştir.

İkinci bölümde, şiir dilinin lingvosinerjetik açıdan tanımlanmasına ilişkin sorunlar ele alınmış ve şiirsel metindeki dilsel sistemin kendi kendini örgütleme mekanizmaları belirlenmiştir.

Üçüncü bölümde ise şiirsel metnin sinerjetik modeli, attraktörler, fluktuasyonlar ve bifurkasyonlar sistemi temelinde incelenmiştir.

Her bölüm sonuçlarla tamamlanarak genel bilimsel çıkarımlara ulaşılmıştır.

Genel olarak, doktora çalışması; içerik, yapısal bütünlük ve şiirsel materyalin çözümlenmesinde izlenen bilimsel-yöntemsel yaklaşım bakımından gerekliliklere uygun, yüksek düzeyde gerçekleştirilmiştir. Lingvosinerjetik yaklaşım çerçevesinde Kazak dilbilimindeki araştırmalara özgün bir katkı sunmakta ve şiirin dinamik bir sistem olarak yeni bir bakışla değerlendirilmesine imkân tanımaktadır. Bu doğrultuda, konunun güncelliği ve bilimsel yeniliği ile elde edilen sonuçlar Kazak dilbilimi açısından değerlidir.

Sonuç olarak, söz konusu doktora tezi bilimsel açıdan sağlam temellere dayanan, içeriği sistematik, yöntemsel çerçevesi güçlü ve sonuçları tutarlı bir çalışmadır. Bu nedenle, çalışmayı yüksek bilimsel düzeyde hazırlanmış bir doktora araştırması olarak değerlendirmekteyim ve yazarına ilgili bilimsel derecenin verilmesini tam olarak destekliyorum.

18/12/2025

Saygılarımla,

Türkiye Cumhuriyeti, Ankara

Hacettepe Üniversitesi Profesörü **Mehmet Kurudayıoğlu**